**Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ- нің**

2023-2024оқу жылындағы «Шахмат» үйірмесінің жүргізілген жұмысына жылдық

**Хабарлама**

Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024жылы «Шахмат» үйірмесі ашылды.

Үйірмесінің мақсаты:

Шахмат ойынының тарихы туралы түсінік беру.Ойын кезіндегі тәртіппен,ережесімен таныстыру.Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту,есте сақтау,салыстыру, танымдық ой-өрісін жетілдіру,шахмат сабағы арқылы шығармашыл,дарынды жеке тұлға жетілдіруге жағдай жасау. Үйірмеге арнайы тақырыптық-күнтізбелік жоспар құрылды. Шахмат үйірмесіне 24 оқушы қатысады. 17 ер бала,7 қыз бала. Шахмат үйірмесі аптасына 3 рет болады. Оқушыларды қауіпсіздік ережесімен таныстырып ойын барысында «шахмат» туралы түсінік берілді. Ойын кезіндегі ең алдымен оқушылардың шапшандығын,ептілігін кадағалау.Караша,ақпан айларында оқушылар шахмат ойынының тарихы жалпы ережелері мен танысты. Ойын басындағы тастардың бастапқы жайғасымы орналастыру тәртібін , шахмат фигураларын дурыс атуды үйренді. Әр ойын сайын оқушыларға патшамен (король) жүріс,уәзірдің (ферзінің) жүріс ойнау ережесі ,пілмен (слон) жүріс,ойнау ережелері, атпен (конь) жүріс,турамен (ладья) жүріс ойындары түсіндірілді.Осы ойын арқылы оқушыларды денешынықтыру және спорт жайлы олардың тарихы туралы қазіргі дамуы және салауатты өмір салты жайлы білімдерін игеруін арттыруға үйрету.

Оқушылар шахмат үйірмесінде ойын ережерін толықтай біліп,шахмат ойынына қызыға бастады. Оқушылар мат қоюдың қарапайым схемасын,шахмат стратегиясын,шахмат композициясын,шахмат тақтасындағы фигуралардың қызметін,шахмат фигураларының дұрыс атауын,шахмат миниатюрасын меңгерді. Шахмат ойыны бойынша мектепішілік,аудандық жарыстарға оқушылар қатысып жақсы нәтиже көрсете білді.

Сабақтың тәрбиелік мәні;

- Айналасына ұқыптылықпен қарау,жеке қасиеттерін жетілдіруге ұмтылдыру;

- Өзін тәртіпке салуға тәрбиелеу;

- Еріктілік қасиеттерін жетілдіруге және өзін-өзі бағалай білуге.

Бұл бағдарламаны игеру барысында оқушылардың пәнді игеруімен қатар ұжымда жұмыстана білу қалыптасады.

Осылайша «шахмат» үйірмеснің сабағы аяқталып,қорытынды жасалды.Сабақ барысы кезінде ешқандай оқыс оқиға,оқушылар жарақаты болған жоқ.

**Үйірме жетекшісі:** Н.Т.Жанәділова